# Паспорт образовательной программы

**Дата регистрации в Реестре**
2022.07.05 11:50

**Регистрационный номер**
16411

**Дата обновления паспорта ОП**:
2022.07.05 11:53

**Код и наименование специальности**:
07140700 Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару

**Код и наименование квалификации/квалификаций**:
3W07140702 Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электромонтер

**Регион**:
Қызылорда облысы

**Организация ТиППО (Разработчик)**:
" Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі"коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

**Партнеры-разработчики**:
" Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы " акционерлік қоғамының филиалы, "Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі" "Қазалы сигнализация және байланыс дистанциясы"

**Цель ОП**:
Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларына техникалық қызмет көрсету және жөндеуді орындау, ақаулы жағдайлардың себептерін тексеру, қызметін үйлестіру мен ұйымдастыруда білікті мамандарды дайындау.

**Уровень по НРК**:
3

**Уровень по ОРК**:
3

**Профессиональный стандарт (при наличии)**:
" Теміржол станциялары мен аралықтарының сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларына техникалық қызмет көрсету", "Атамекен" ҚР ҰКП 20.12.2019 ж., №256 бұйрығына №1 қосымша, "Механикалық және автоматтандырылған сұрыптау төбешіктері құрылғыларына техникалық қызмет көрсету", "Атамекен" ҚР ҰКП 20.12.2019 ж., №256 бұйрығына №2 қосымша, "Темір жол автоматикасы, телемеханика және байланыс құрылғыларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі диспетчерлік басшылық", "Атамекен" ҚР ҰКП 20.12.2019 ж., №256 бұйрығына №3 қосымша, "Поездық және станциялық радиобайланыс құрылғыларына техникалық қызмет көрсету", "Атамекен" ҚР ҰКП 20.12.2019 ж., №256

бұйрығына №5 қосымша, "Технологиялық жөндеу учаскесіндегі сигнал беру, орталықтандыру және блоктау аппаратурасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу", "Атамекен" ҚР ҰКП 20.12.2019 ж., №256 бұйрығына №7 қосымша.

**Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии)**:
жоқ

**Форма обучения**:
Күндізгі

**База образования**:
Негізгі орта білім

**Язык обучения**:
Мемлекеттік

**Общий объем кредитов**:
180

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**
29.03.2022 ж.

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью**:
№ KZ68LAA00010811

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью**:
№ 005

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**
21.01.2019 ж.

**Отличительные особенности ОП**:
-

**Сведения о содержании модулей/дисциплин**:

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | ЖБП 1. Қазақ тілі | Білім алушылардың сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым - қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді. Білім алушыларға ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға | 3/72 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету. | |
| | ЖБП 2. Қазақ  әдебиеті | Білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады.Білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. | 3/72 |
| | ЖБП 3. Орыс  тілі мен әдебиеті | Білім алушылардың іргелі дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді,олардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады,ғылыми-техникалық,көркем-эстетикалық,әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағыт табуға көмектеседі.Көркемдік және басқа халықтардың салт-дәстүрлері,өмір-салты,тарихы туралы білім алушылардың көзқарастарын едәуір | 4/96 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | кеңейтеді,бұл басқа халықтарға құрметпен қарауға тәрбиелейді,өзіндік ерекшелігін түсінеді және әмбебап жалпыадамзаттық құндылықтар туралы түсінік қалыптастырады. | |
| | ЖБП 4. Шетел тілі | Білім алушылар контекстен бейтаныс лексикадан тұратын көркем әдебиеттің кең ауқымын түсіну, тиісті деңгейде еркін сөйлеу, дәлдік, сөз екпіні, интонация және формальдылық, гипотеза бойынша құрдастарымен өзара әрекеттесу және ағылшын тілін колледжде және одан тыс жерлерде қолдануға үміттенетін оқушылар үшін пайдалы пікірлер, түсініктемелер және жауаптар беруді қалыптастыру. | 4/96 |
| | ЖБП 5. Қазақстан тарихы | Отандық тарихты зерделеу өткен тарихты түсіну және оларды талдау негізінде қазіогі заманындағы орнын анықтау, азаматтық ұстанымын қалыптастыру және оқиғалар мен құбылыстарға жеке көзқарасын білдіре отырып, олардың маңызы мен мәнін түсінуді қамтамасыз ететін жеке тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған. | 4/96 |
| | ЖБП 6. Математика | Қазіргі замандағы қоғамда өзін еркін сезінуге адамға қажетті ойлау қасиеттерін қалыптастыру арқылы білім алушылардың зияткерлік деңгейін дамыту; практикалық іс-әрекеттерде қолдануда, басқа пәндерді үйренуде, білім алуды жалғастыруда қажетті математикалық білімді меңгеру. | 8/192 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | ЖБП 7. Информатика | Білім алушылардың ақпараттық процестердің қоғамдағы түсінігін, ақпараттық технологияларды адам іс-әрекетінің әр түрлі салаларында пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективаларын, ақпараттық технологияларды күнделікті өмірде, оқуда және одан әрі жұмысында тиімді пайдалана алу мүмкіндігін, программалық қосымшалар жасау, жасанды интеллект, Blockchain, Startup, Crowdfunding терминдерін түсіндіру. | 2/48 |
| | ЖБП 8. Өзін-өзі тану | Жоғары кәсіби білім беру бағдарламасының жалпыға міндетті пәндері қатарына кіріп, адамның рухани мүмкіндіктерін дамыту, байыту; адамгершілік-рухани жағынан бай адамды, мәдениет пен әлеуметтік шығаршылық субъектісін қалыптастыру мақсатын сипаттайды. | 2/48 |
| | ЖБП 9. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық | Білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін сипаттайды. | 4/96 |
| | ЖБП 10. Дене тәрбиесі | Техникалық және кәсіптік білім беруде маңызды роль атқарып, жеке тұлғаның жалпы адамзаттық мәдениет саласында өзін-өзі белсенді шығармашыл түрде жүзеге асыруға дайын тұлға | 5/120 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | ретінде қалыптасуын сипаттайды. Білім алушыларды жеке және жас ерекшеліктерін ескере отыра, өз физикалық және психикалық денсаулықтарын нығайтуға ынталандыру, бойда қалыптасқан арнайы спорттық дағдылар мен сапаларды қолданып, сол арқылы олардың дене қабілеттерінің дамуларына ықпал ету. | |
| | ЖБП 11. Физика | Техникалық және кәсіптік білім беруде змаңызды роль атқарады. Біріншіден, физика адам үшін әлемді орта туралы ең маңызды білімнің көзі. Екіншіден, физика, адамның мүмкіндігін үздіксіз ұлғайтып және әлдлеқайда көбейтіп, оның техникалық прогресс жолында сенімді алға қадам басуын қамтамасыз етеді. Үшіншіден, физика адамның рухани келетін дамытуға елеулі үлесін қосады. Мақсаты: білім алугылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру. | 6/144 |
| | ЖБП 12. Химия | Білім алушыларға зат және олардың айналымы, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін ұсыну, білім алушыларға химиялық үдерістердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсініп, оларды | 6/144 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуға, ақпаратты сыни бағалауға және шешім қабылдауға мүмк і нд і к беру. | |
| | ЖБП 13. География | Білім алушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау. | 3/72 |
| | ЖБП 14. Биология | Білім алушыларға тіршіліктің әртүрлі деңгейлерінің дамуын түсінуді қалыптастыратын практикалық және зерттеу іс-әрекеті арқылы білім алушылардың функционалдық дағдыларын дамытуды қалыптастыру. | 3/72 |
| | БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру | ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау. | 3/72 |
| | | ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру. | 2/48 |
| | БМ 2. Ақпараттық коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану | ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру. | 1/24 |
| | | ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану. | 1/24 |
| | БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану | ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру. | 1/24 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау. | 1/24 |
| | | ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну. | 1/24 |
| | | ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру. | 1/24 |
| | | ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау. | 1/24 |
| | КМ 1. Стандарттау негізінде сызбалар мен схемаларды орындау | ОН 1.1. Электр құрылғыларының құрылымдық, принципті, функционалды және монтаждық сызбаларын құру. | 1/24 |
| | | ОН 1.2. Техникалық құжаттаманы ресімдеуде Мемлекеттік стандарты және стандарттарды қолдану және кәсіби қызметте салалық стандарттарды басшылыққа алу. | 1/24 |
| | | ОН 1.3. Электр схемаларын, игнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғылары элементтерінің шартты белгілерін, электр релелік және электрондық схемаларды құрудың негізгі ережелерін, электротехникалық құрылғыларға техникалық құжаттаманы ресімдеу негіздерін, Мемлекеттік стандартты,салалық стандарттар, Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі және Техникалық құжаттаманың бірыңғай жүйесінің негізгі ережелерін меңгеру. | 1/24 |
| | | ОН 1.4. Электр тізбектеріндегі | 1/24 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | параметрлерді өлшеу үшін құрылғылар мен қондырғыларды жіктеу. | |
| | | ОН 1.5. Өлшеу әдістерін және оларды автоматтандыру тәсілдерін, өлшеу қателігін анықтау әдістемесін және өлшеу құралдарының өлшеу дәлдігіне әсерін меңгеру. | 1/24 |
| | | ОН 1.6. Стандарттау және метрология негіздерін және өнім сапасын басқаруды қолдану. | 1/24 |
| | КМ 2. Кәсіби қызметте электроника мен микропроцессорлық техниканың, электр өлшемдері және электротехника негіздерін қолдану | ОН 2.1. Электр және электрондық құрылғылардың параметрлері мен элементтерін есептеу. | 1/24 |
| | | ОН 2.2. Электр тізбектерін жинау және олардың жұмысын тексеру. | 1/24 |
| | | ОН 2.3. Электр тізбектерін есептеу және электр энергиясын түрлендіру әдістерін қолдану. | 2/48 |
| | | ОН 2.4. Электрондық техника құрылғыларының жұмысқа қабілеттілігін орната отырып, электрондық схемалардың негізгі параметрлерін анықтау. | 1/24 |
| | | ОН 2.5. Электрондық аспаптар мен құрылғыларда болатын физикалық процестердің мәнін, электрондық аспаптарды қосу және электрондық схемаларды құру принциптерін, электрондық техниканың үлгілік тораптары мен құрылғыларын меңгеру. | 1/24 |
| | | ОН 2.6. Электроника, микроэлектроника және микропроцессорлық техника саласындағы арнайы | 1/24 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | терминологияларды қолдану. | |
| | | ОН 2.7. Электр сигналдарының параметрлерін әртүрлі типтегі құрылғылармен және аспаптармен электрлік өлшеуді жүргізу және алынған нәтижелердің сапасын бағалау. | 1/24 |
| | КМ 3. Еңбекті қорғау нормалары мен техникалық пайдалану ережелерін орындау | ОН 3.1. Темір жолдарды техникалық пайдалану және қозғалыс қауіпсіздігі талаптарын орындау. | 2/48 |
| | | ОН 3.2. Темір жолдарды техникалық пайдалану және қозғалыс қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін нұсқаулықтар мен нормативтік құжаттардың талаптарын қолдану. | 2/48 |
| | | ОН 3.3. Темір жолдарды техникалық пайдалану ережелерін, темір жолдардағы сигнал беру жөніндегі нұсқаулықтарды, сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларын техникалық пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды, Қазақстан Республикасының сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде поездар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтарды сақтау. | 7/168 |
| | | ОН 3.4. Темір жол көлігі қызметкерлерінің жалпы міндеттерін, салалық және лауазымдық нұсқаулықтарды, еңбекті қорғауды, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен экологияны орындау. | 4/96 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | КМ 4. Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларына техникалық қызмет көрсету, жөндеуді және телемеханикалық бақылауды орындау | ОН 4.1. Технологиялық карталар мен әдістемелік нұсқауларға сәйкес сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау релелік аппаратурасын жөндеу және реттеу жөніндегі жұмыстарды орындау. | 2/48 |
| | | ОН 4.2. Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау аспаптары жұмысының сенімділігін арттыруға бағытталған техникалық іс-шараларды орындау. | 2/48 |
| | | ОН 4.3. Жөндеу-технологиялық учаскелерде сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттаудың жүріс және электрондық аппаратурасын бастапқы механикалық және электрлік реттеуді жүргізу. | 2/48 |
| | | ОН 4.4. Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларын телемеханикалық бақылауды жүзеге асыру. | 2/48 |
| | | ОН 4.5. Темір жолдардың жалпы курсын және танысу практикасын меңгеру. | 9/216 |
| | | ОН 4.6. Слесарлық жұмыстарды орындау. | 1/24 |
| | | ОН 4.7. Электрмонтаждау жұмыстарын орындау. | 1/24 |
| | | ОН 4.8. Темір жол автоматикасы мен телемеханикасының дискретті құрылғыларын монтаждау мен реттеуді орындау. | 1/24 |
| | КМ 5. Темір жол байланысы және радиобайланыс құрылғыларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу | ОН 5.1. Цифрлық тарату жүйелерімен және цифрлық және микропроцессорлық техника элементтері бар радиоаппаратурамен тығыздалған кабельдік байланыс | 3/72 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | жөніндегі жұмыстарды жүргізу | желілеріне қызмет көрсету. | |
| | | ОН 5.2. Радиобайланыс құрылғыларының техникалық процесінің 4 апталық және жылдық кестесі бойынша жұмысты орындау. | 2/48 |
| | | ОН 5.3. Аппаратураның негізгі электр параметрлерін есептеуді жүргізу. | 3/72 |
| | | ОН 5.4. Электр және механикалық реттеуді, баптауды және жөндеуді, электромеханикалық, радиотехникалық құрылғыларды, аспаптарды, кешендер мен жүйелерді арнайы нұсқаулықтар бойынша толық тексеруді, сынауды және тапсыруды жүргізу. | 2/48 |
| | | ОН 5.5. Темір жол байланысы және радиобайланыс құрылғыларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу. | 5/120 |
| | КМ 6. Автоматтандырылған станциялық сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау жүйелеріне техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді орындау | ОН 6.1. Темір жол станцияларын сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау жүйелерімен жабдықтаудың пайдалану. | 3/72 |
| | | ОН 6.2. Темір жол станцияларының станциялық автоматика құрылғыларының принциптік сызбаларын оқу. | 2/48 |
| | | ОН 6.3. Станциялық жабдықтың аспаптары мен құрылғыларын ауыстыруды орындау. | 5/120 |
| | | ОН 6.4. Автоматика құрылғылары мен жүйелерінің жұмысын | 3/72 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | бақылау. | |
| | | ОН 6.5. Темір жол станцияларының құрылғылары мен жабдықтарын жаңғырту мүмкіндіктерін пайдалану. | 5/120 |
| | | ОН 6.6. Автоматтандырылған станциялық сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау жүйелеріне техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді орындау. | 5/120 |
| | КМ 7. Поездар қозғалысын аралық реттеудің автоматтандырылған жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеуді орындау | ОН 7.1. Аралықтарды поездар қозғалысын аралық реттеу жүйелерімен жабдықтаудың пайдалану-техникалық негіздерін меңгеру. | 2/48 |
| | | ОН 7.2. Теміржол автоматикасының перегондық құрылғыларының принциптік сызбаларын оқу. | 1/24 |
| | | ОН 7.3. Перегон жабдығының аспаптары мен құрылғыларын ауыстыруды орындау. | 2/48 |
| | | ОН 7.4. Автоматиканың перегондық жүйелерінің жұмысын бақылау. | 5/120 |
| | | ОН 7.5. Аралықтағы жол және кабель жоспарларын құру, аралық жүйелердің принциптік схемаларын құру принциптерін меңгеру. | 2/48 |
| | | ОН 7.6. Аралықты темір жол автоматикасы және телемеханика жүйелерімен жабдықтау. | 1/24 |
| | | ОН 7.7. Поездар қозғалысын аралық реттеудің автоматтандырылған жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеуді орындау. | 5/120 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | Аралық, қорытынды аттестаттау | - | 6/144 |